

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН РЕТТЕУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ АГЕНТТІГІ

## № 196 Баспасөз релизи

### «Агенттіктің 2009 жылғы қызметінің алдын ала қорытындысы туралы»

2009 жыл бойы Қазақстанның қаржы секторы әлем нарықтарындағы тұрақсыздықтың сақталуына байланысты күрделі жағдайда жұмыс істеуіне мәжбүр болды. 2009 жылдың қорытындысы 2009 жылы қаржы секторының тұрақтылығын айқындайтын факторлар кешенін, оның ішінде экономикалық дамудың бәсеңдеуі және Қазақстандағы ішкі сұраныстың төмендеуі, сондай-ақ қаржы жүйесін қаржыландырудың дәстүрлі көздерінің шектеулі болуы жағдайында клиенттердің сенімін сақтау маңыздылығы негізгі тәуекелдер болып табылады деген бағалауы барабар болғанын дәлелдеді.

**Кредиттік тәуекелдің жоғары деңгейі және кредиттік портфель сапасының төмендеуі** қазақстандық банк жүйесінің әлсіз жақтары болып табылады. Кредиттік портфель сапасының төмендеуіне қатысты бағалау күтілген болжам болатын. Мысалы, еліміздегі іскерлік белсенділіктің бәсеңдеуі және жүргізілген ұлттық валюта девальвациясының аясында банк жүйесіндегі жұмыс істемейтін кредиттердің үлесі 2009 жылы 4,5 есе өсіп, 3 519,6 млрд. теңгеге жетті, бұл біріктірілген несиелік портфельдің 36,5% құрады. Бұл ретте заемдар бойынша провизиялар (резервтер) мөлшері ағымдағы жыл басында 3 635,3 млрд. теңге немесе кредиттік портфельдің 37,7% құрады. 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптастырылған провизиялар мен жұмыс істемейтін кредиттерді жабу деңгейі 1,03 құрады. Қазақстан банктерінің кредиттік портфелінің сапасы экономиканың барлық салалары бойынша нашарлады. Бұл ретте жұмыс істемейтін кредиттердің басым бөлігі өз міндеттемелерін қайта құрылымдайтын екі банкке келеді – БТА мен Альянска. **Жоғарыда аталған екі банкті қоспағанда** жұмыс істемейтін кредиттердің және қалыптастырылған провизиялардың үлесі бұдан төмен деңгейде қалыптасты, тиісінше 17,9% және 19,6%. 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шетел валютасында берілген заемдар жиынтық несиелік портфельдің 57,2% немесе 5 516,6 млрд. теңге құрады.

Қазақстан банктерінің кредиттік белсенділігі, болжамдағандай, өткен жыл бойы объективті төмен деңгейде сақталды. Алдыңғы жылдары жүйенің бір деңгейде өспеуінің салдары және қозғаушы факторлары ағымдағы шығындар мен сақталып келетін жоғары экономикалық және қаржы тәуекелдері, капиталдану және өтімділік жеткіліксіздігі болып табылатын кредиттік консерватизм бұның негізгі себептері болып табылады. Дегенмен, жалпы экономиканы және банк жүйесін қолдау бойынша Үкіметтің, Ұлттық Банкінің және Агенттіктің дағдарысқа қарсы шұғыл шараларын іске асыру банк жүйесіндегі жағдайдың тұрақтандыруын және 2009 жылы кредиттік портфельдің 4,3%-ға (4,2% - 2008ж.) орташа өсуін қамтамасыз етті.

Кредиттік тәуекелімен қатар банктердің көтерме заемдық капитал нарықтарынан тартылған елеулі сыртқы қаржыландыру үлесінің болуы салдарынан өтімділік пен қайта қаржыландыру тәуекелдері ерекше алаңдатушылық туғызды. 2009 жылы банк секторын тұрақтандыру бойынша шаралар кешені іске асырылды. Атап айтқанда **банктердің сыртқы міндеттемелері кезең-кезеңімен төмендетілді**, олардың жиынтық міндеттемелердегі үлесі 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2009 жыл басындағы 45% қарағанда 33,6%-ға дейін төмендеді.

Экономикадағы және банк жүйесіндегі жағымсыз үрдістерге қарамастан **халықтың банк секторына деген сенімділігі сақталып қалды**. Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдарын қоспағанда клиенттердің салымдары 30,8%-ға өсіп, 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша абсолюттік көрсеткіште 6 003,8 млрд. теңге құрады, бұл көбінесе «Самурық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ банктерде дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында негізделген депозиттерді орналастырумен және жеке тұлғалар салымдарының 29,1%-ға өсуімен қамтамасыз етілді.

Банктік жүйенің 2009 жылғы дамуының қорытындысы қазақстандық банктердің тәуекелдерін тұрақтандыру және азайту аясында қабылданған іс-шаралардың тиімділігі мен уақыттығын көрсетеді. Атап айтқанда, **Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Агенттіктің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі бірлескен бағдарламасы** арқылы банктерге қосымша өтімділікті ұсыну мен капиталдың тиісті деңгейін қалыптастыру жолымен банктік сектордың тұрақтылығы қамтамасыз етілді.

**Реттеуіш-қадағалау қызметтің аясында** іс-шаралар кешені қабылданды.

Атап айтқанда, банктердің меншікті капиталының жеткіліктілігін бағалау жетілдірілді, кредиттік және валюталық тәуекелдерді бағалау жолдары арттырылды, банк өтімділігінің тәуекелін қадағалау мен реттеу күшейтілді, банктердің сыртқы міндеттемелеріне қатысты капиталдандыру талаптарын күшейтудің жүйелі кезеңі өткізілді.

Банктік жүйеде тәуекелдердің жоғарғы деңгейі сақталу жағдайында, инспекторлық тексерулерді жандандыру, банктерде реттеуіштің өкілдерінің қызметі мен банк басшыларымен байланыстар, банктердің есептілігіне қадағалауды күшейту, ерте ден қою шараларының жүйесі аясында қаржылық тұрақтылық көрсеткіштеріне ай сайынғы мониторингті жүргізу, сондай-ақ қаржылық жағдайларына түрлі сценарийлердің және тәуекелдер факторларының жағымсыз әсерінің деңгейін бағалау үшін жүйелі негізде банктік жүйеге және жекелеген банктерге стресс-тестілеуді жүргізу арқылы тәуекелдерді шынайы бағалауды және оларды жабу үшін меншікті капиталдың жеткіліктілігін анықтауды қамтамасыз ету мақсатында **күшейтілген қадағалау режимі енгізілді**.

**Жинақтаушы зейнетақы қорларына** қатысты дағдарысқа қарсы бағдарлама шегінде жинақталған зейнетақы қаражаттың капиталдандыруын көтеру және сақталуын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар қолданылды. Реттеуіш тарапынан жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық жай-күйіне, атап айтқанда, кірістіліктің көрсеткіштеріне, инвестициялық портфельдің құрылымы мен құнына, К2 ықтимал өтеу бойынша шартты міндеттемелерді қалыптастыру қажеттілігін ескеріп, меншікті капиталдың жеткіліктілігін бағалауға мониторинг барынша күшейтілді.

Қазіргі уақытта капиталдың жеткіліктілігі бұрынғы деңгейде сақталуда, жинақталған зейнетақы қаражаттың және «таза» инвестициялық кірістің мөлшері **тұрақтандырылды**. 2010 жылғы 01 қаңтарда жинақталған зейнетақы қаражат 2009

жылы 31,0%-ға өсіп, 1 860,5 млрд. теңге мөлшерінде жинақталды. «Таза» инвестициялық кірістің сомасы жыл басынан 1,6 есеге жуық өсті, ол Агенттіктің ауытқуға ең аз ұшырайтын қаржы құралдарының портфелінде өсу жағына **ЖЗҚ инвестициялық саясатын түзетуге** бағытталған жиынтық іс-шараларымен толығынан қамтамасыз етілді. ЖЗҚ портфелінде ҚР мемлекеттік жоғары өтімді бағалы қағаздарының үлесі 2009 жылы 30,8%-дан 40,7%-ға дейін өсті.

Эмитенттері облигациялардың шығарылымы бойынша дефолтқа жол берген жинақтаушы зейнетақы қорларының портфеліндегі борыштық бағалы қағаздардың үлесі 2010 жылғы 01 қаңтарда зейнетақы активтерінің жалпы мөлшерінен 3,8%-ды құрады, ол абсолюттік көрсетілімде 71,5 млрд. теңгені құрады. ЕДБ-ға инвестицияланған зейнетақы активтерінің үлесі зейнетақы активтерінің жалпы мөлшерінен 24,1%-ға жуықты құрады.

Еліміздегі жалпы экономикалық жағдайлардың нашарлауынан сақтандыру сыйлықақыларының түсімдері көлемдерінің төмендеуі сақтандыру сегментіндегі негізгі проблемалар ретінде анықталды. Сонымен, 2009 жылы, 2008 жыл сияқты сақтандыру секторында сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің азаюы анықталды. 2009 жылы тікелей сақтандыру бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2008 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 15,1%-ға төмендеп, 113,3 млрд. теңгені құрады. Сақтандыру сыйлықақыларының серпінділігін талдай отырып, сыйлықақылардың жалпы көлемінің кемуі 2008 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемінің 28%-ға төмендеуіне ықпал етті, оның ішінде басқа қаржылық шығындардан сақтандыру жөніндегі сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 74%-ға кеміді, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды қоспағанда) – 56%-ға азайды. Сонымен қатар, сақтандыру нарығы дамуының динамикасына оң ықпал ерікті жеке сақтандыру және міндетті сақтандыру есебінен көрсетілді, олардың сақтандыру сыйлықақылары тиісінше 16%-ға және 2%-ға өсті.

Сақтандыру секторына дағдарыстың ықпалын кеміту және тұрақты дамуды қолдау мақсатында 2009 жыл ішінде сақтандыруға халықтың сенімін қаржылық тұрақтылықты және сақтандыру ұйымдарының айқындылығын, сақтандыру қызмет көрсетулерін тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейту арқылы арттыру жөніндегі жұмыстар жүргізілді. Міндетті сақтандыру жүйесін жетілдіру, сақтандырудың ерікті өнімдерін (оның ішінде өмірді жинақтаушы сақтандыру) дамыту, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарын инвестициялық институттар сияқты күшейту жөніндегі шаралар қабылдануда.

KASE қор биржасындағы акциялар мен облигацияларды капиталдандыру 2009 жылы 2,2 есе өсіп, 01.01.2010 жылы 11 650,9 млрд. теңгені құрады. Қор биржасын капиталдандырудың өсуінің негізгі факторларының бірі сауда-саттық ұйымдастырушының ресми тізіміне енгізілген **қаржы құралдарының құнының артуы** болып табылды.

26 қазақстандық эмитент мемлекеттік емес облигациялардың 63 шығарылымы бойынша дефолтқа жол берді, олардың жиынтық номиналды құны 632,0 млрд. теңге немесе айналымдағы мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымдарының жиынтық көлемінің 12,1%-ын құрады. Осылайша, өткен жылы Агенттіктің қызметі дағдарыстың жағымсыз салдарын азайтуға, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қаржылық ахуалын нығайтуға бағытталған шараларды қабылдауға, олардың қызметімен байланысты

тәуекелдерді төмендетуге, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге және олардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталды.

## **Екінші деңгейдегі банктердің сыртқы міндеттемелерін қайта құрылымдаудың аралық қорытындылары**

### *«БТАБанкі» АҚ бойынша*

Банкті қайта құрылымдау жоспарын 2009 жылғы 26 қыркүйекте Агенттік Басқармасы мақұлдады. 2009 жылғы 16 қазанда Алматы қаласының мамандандырылған қаржылық соты толық көлемде қайта құрылымдау туралы Банктің өтінішін қанағаттандырды. Қазіргі уақытта Банк пен Кредиторлар комитеті арасында «Principal Commercial Terms Sheet» қайта құрылымдау туралы келісімге қол қойылды. Агенттік Басқармасының қаулысымен Банкке ағымдағы жылдың 23 наурызына дейінгі мерзімде қайта құрылымдау жоспарын мақұлдауға қол жеткізу мақсатында кредиторлардың жиналысын шақыру белгіленді.

### *«АльянсБанкі» АҚ бойынша*

2009 жылғы 18 қыркүйекте сот Банктің қайта құрылымдау туралы өтінішін қанағаттандырып, Банкке міндеттемелерін қайта құрылымдау бойынша тиісті кешенді іс-шараларды жүргізу міндетін жүктеді. 2009 жылғы 5 қазанда Банк, «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ мен Банктің Кредиторлар Комитеті арасында «Term Sheet» қайта құрылымдау туралы Келісімге қол қойылып, онда кредиторларға арналған опцияларды сату механизмі және Банктің жуырдағы бірнеше жылға арналған стратегиясы жан-жақты баяндалды. 2009 жылғы 15 желтоқсанда кредиторлардың жиналысында Агенттік Басқармасының 2009 жылғы 21 шілдедегі шешімімен мақұлданған Банк міндеттемелерін қайта құрылымдау жоспары мақұлданды. Ағымдағы жылдың 15 наурызында сот шешіміне сәйкес Банк міндеттемелерін қайта құрылымдау рәсімін аяқтауы тиіс.

Банкте меншікті капиталының теріс мөлшерінің бар болуына байланысты Агенттік Басқармасы 2009 жылғы 30 желтоқсанда «Альянс Банкі» акционерлік қоғамының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына сату туралы» қаулы қабылдады.

### *«Темірбанк» АҚ бойынша*

Есепті кезеңде «БТАБанкі» АҚ-ның еншілес банкі «Темірбанк» АҚ-ны қайта құрылымдау процесі басталды. 2009 жылғы 18 қарашада Агенттік Басқармасы Қайта құрылымдау және қайта капиталдандыру жоспарын мақұлдады. 2009 жылғы 18 желтоқсанда Банк пен Кредиторлар Комитеті қайта құрылымдау талаптарымен келісу туралы келісім-хатқа қол қою арқылы қайта құрылымдау талаптарымен келісті. Ағымдағы жылдың 11 қаңтарында сот Банктің қайта құрылымдау және оны 2010 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде өткізу туралы өтінішін қанағаттандырды. Агенттік Басқармасының қаулысымен Банкке 2010 жылғы 31 наурызға дейінгі мерзімде қайта құрылымдау жоспарын мақұлдау мақсатында кредиторлардың жиналысын шақыру белгіленді.

## **2010 жылға жоспарланған іс-шаралар**

Жағымсыз факторлардың барынша азаюына қарамастан, қаржы жүйесіндегі тәуекелдер әлі де болса сақталып отыр. Жалпы алғанда, 2010 жылы қаржы секторының дамуы экономика мен тұтынушылық сұраныстың тез арада қалпына келуіне, дағдарысқа қарсы бағдарламалар аясындағы шаралардың тиімділігіне

және заемшылар мен эмитенттердің борыштық жүктемелерін төмендету бойынша кешенді шаралардың қабылдануына тәуелді болады.

2010 жылы қадағалау дүниежүзілік тәжірибеде кеңінен қолданылып жүрген ұзақ мерзімді перспективадағы қаржы секторының тұрақтылығын қысқа мерзімді кезеңде оның орташа өсімін қолдай отырып қамтамасыз етуге бағытталатын **тәуекелге бағытталған қадағалауға** барынша ұқсастырылып қолданылатын болады.

#### *Банк секторы*

Банктерге қатысты қадағалау режимі бірте-бірте күшейтілетін болады, бұл жалпы **Агенттіктің қарсы циклді саясатына** сәйкес келеді. Бұл ретте, реттеудің басты объектілері капитал, активтер сапасы мен өтімділік болып табылады. Негізгі акцент ертерек ден қою шараларын іске асыруға және тәуекел-менеджментті практикалық енгізуге жасалынатын болады. Осы бағыттар сондай-ақ шоғырландырылған негізде іске асырылады. Негізгі назар қаржы конгломератының жекелеген қатысушыларының ғана емес **жалпы тобының** да тәуекелдерін бағалауға, сондай-ақ топтың тәуекел-профилінің басқа секторларға және қаржы нарығының қатысушыларына ықпал ету мониторингіне аударылатын шоғырландырылған негізде қадағалауды дамыту реттеу құрылымына баса назар аударылады. Бұдан басқа, Ел басының тапсырмаларын ескере отырып, шоғырландырылған қадағалау шеңберінде **аффилирленген тұлғалармен жасалған мәмілелерді шектеу**, холдинг компанияларының қаржылық тұрақтылығына және олардың тәуекел-менеджментіне қойылатын талаптарды арттыру бойынша қосымша **шаралар** қабылданатын болады. **Күтпеген жағдайларда Жоспарлардың** болуы конгломераттың барлық қатысушыларының корпоративтік басқаруының сапасын және тиімділігін бағалауға қызмет етеді. Сонымен қатар қаржы ұйымдары акционерлерінің бастапқы капиталының пайда болуын бақылау жөніндегі талаптарды, резидент еместердің Агенттік алдында банктік, коммерциялық, қызметтік және өзге құпияларды, оның ішінде шетел реттеуіштерімен келісім жасау жолымен ашу механизмдерін жетілдіру жоспарлануда.

Сыртқа қаржыландыруды жиынтық банк міндеттемелерінің 30%-дан астам деңгейіне дейін шектеу және қаржы ұйымдарының сыртқы активтері бойынша негізінен оффшорлық аймақтардың аумақтарында тіркелген тұлғалардың делдалдығы кезінде қабылданған тәуекелдерді қысқарту бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады.

#### *Сақтандыру секторы*

2010 жылы сақтандыру делдалдарының қызметін жетілдіру жөнінде шаралар қабылданатын болады, атап айтқанда, сақтандыру ұйымы сақтандыру агенті ретінде қызмет атқаруға тілек білдірген жеке тұлғаларды оқыту жөніндегі талаптарды белгілейтін болады, оқытудың барынша төмен бағдарламасын білу жөнінде сынақ емтихандары өткізіліп, сақтандыру агенттерінің құқықтары мен міндеттері заңнамалық негізде бекітіледі, сондай-ақ сақтандыру агенттерінің комиссиялық сыйақыларын шектеу жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Отандық сақтандыру ұйымдарының **қайта сақтандыру қызметінің тиімділігін** көтеру, олардың капиталдандырылуының өсуіне ықпал ету мақсатында жеке қайта сақтандыру шарты бойынша да, сондай-ақ жалпы сақтандыру сыныптары бойынша да, резидент еместерді қайта сақтандыру кезінде сақтандыру тәуекелдерінің мөлшері мен сипатына, зияндылық көрсеткіштеріне

қатысты жеке ұстап қалу кезінде дифференциацияланған лимиттер енгізілетін болады.

Сондай-ақ **корпоративті басқару, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі** құрылымдарын қалыптастыруға қойылатын талаптарын жетілдіру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданатын тәуекелдерге байланысты жасалатын резервтердің теңбе-тең болуын қамтамасыз ету мақсатында **сақтандыру резервтерін** қалыптастыруға қойылатын талаптарды жетілдіру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

*Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет және зейнетақы қызметі секторы*

Бағалы қағаздар нарығын реттеу бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының қаржылық тұрақтылығын одан әрі бекітуге, қор нарығындағы қызметті жүзеге асыруға байланысты тәуекелдерді төмендетуге, сондай-ақ ұлттық және шетелдік эмитенттер мен инвесторлар үшін отандық нарықтың тартымдылығын көтеруге бағытталатын болады.

Ірі қатысушылардың және акционерлік қоғамдардың лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін арттыру, акционерлік қоғамдардың корпоративтік оқиғалары жөніндегі ақпаратты жария ету жүйесін жетілдіру, бағалы қағаздармен мәмілелерді жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануды болдырмау механизмдерін күшейту жолымен **қаржылық қызметтерді тұтынушылардың және инвесторлардың құқықтарын қорғауды** қамтамасыз ету мақсатындағы заң жобаларын әзірлеу Агенттік жұмысының маңызды зор бағыттарының бірі болып табылады.

Агенттік 2010 жылы бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметімен байланысты тәуекелдердің дәрежесін ескере отырып, пруденциалдық талаптарды анықтау бөлігінде оларды пруденциалдық реттеуді одан әрі жетілдіруді жоспарлауда. Бұл ретте **бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын капиталдандыруға қойылатын талаптарды кезең-кезеңімен арттыру** жалғастырылатын болады.

Сонымен қатар, **күрделі қаржы құралдарын**, оның ішінде туынды қаржы құралдарын **реттеуді жетілдіру** жоспарланып отыр.

Жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық ахуалының нашарлауымен байланысты жағдайлар не осы қорды әкімшілендірумен байланысты проблемалар пайда болған жағдайда оның органдарының іс-әрекеттеріне бақылау жасау мақсатында қосымша Агенттік **жинақтаушы зейнетақы қорларындағы өкілдер институтын** (Қазақстан Республикасының банктік заңнамасымен ұқсастығына қарай) **енгізуді** жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, 2011 жылдан бастап консервативтік инвестициялық портфельді мерзімінен бұрын енгізу және **2012 жылдан бастап үш инвестициялық портфельді енгізу** шеңберінде салымшылардың өздерінің жинақталған зейнетақы қаражатын басқаруға мейлінше белсенді қатысуына мүмкіндік жасау мақсатында Агенттік 2010 жылы осы жүйені тиімді енгізуге бағытталған іс-шараларды жүргізетін болады.

Жалпы алғанда, Агенттіктің реттеу-қадағалау практикасы 2010 жылы Қаржы секторын дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыту тұжырымдамасында белгіленген бағыттар шеңберінде жетілдірілетін болады. Агенттік реттеу саласындағы халықаралық тәжірибені ұлттық заңнамаға және қаржы нарығын қадағалау

практикасына бейімдеу мақсатында халықаралық қоғамдастықтың жаһандық қаржы архитектурасын реформалау аясында әзірлейтін ұсынымдарына тұрақты негізде мониторинг жүргізіп отырады.